



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

**ӘБДИМӘЛІК  
НЫСАНБАЙҰЛЫ  
НЫСАНБАЕВ**



*Hammond*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ  
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

**ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ  
ИНСТИТУТЫ**

**ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

---

**Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы**

**ӘБДІМӘЛІК  
НЫСАНБАЙҰЛЫ  
НЫСАНБАЕВ**

**АЛМАТЫ**

**2007**

ББК 91.9:87

Ә 13

Ә 13 Әбдімәлік Нысанбайұлы Нысанбаев. Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы /Құраст.: Г.Г. Соловьева, Қ.Ұ. Әлжан, Н.Қ. Жолмұхамедова. Бас ред. ҚР ҰҒА академигі Т.С. Садықов, . Жауапты ред.: ҚР ҰҒА академигі Ж.М. Әбділдин, , К.К. Әбуғалиева, ОҒК директоры . Библиогр. ред.: Т.В. Вдовухина, О.П. Бравач, А. Кошымова. – Алматы, 2007. – 242 б.

ISBN 9965-9952-9-X

ББК 91.9: 87

Ә 0301000000  
00 (05) - 07

© Орталық ғылыми  
кітапхана, 2007

ISBN 9965-9952-9-X

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КОМИТЕТ НАУКИ**

**ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ**

**ЦЕНТРАЛЬНАЯ НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА**

---

**Биобиблиография ученых Казахстана**

**АБДУМАЛИК  
НЫСАНБАЕВИЧ  
НЫСАНБАЕВ**

**АЛМАТЫ  
2007**

ББК 91.9:87

А 13

А 13 Абдумалик Нысанбаевич Нысанбаев. Биобиблиография ученых Казахстана / Сост.: Г.Г. Соловьева, Қ.Ұ. Әлжан, Н.Х. Жолмухамедова. Гл. ред. Т.С. Садықов, академик НАН РК. Отв. ред.: Ж.М. Абдильдин, академик НАН РК, К.К. Аbugалиева, директор ЦНБ. Библиогр. ред.: Т.В. Вдовухина, О.П. Бравач, А. Кошымова. – Алматы, 2007. – 242с.

ISBN 9965-9952-9-X

ББК 91.9: 87

А 0301000000  
00 (05) - 07

© Центральная научная  
библиотека, 2007

ISBN 9965-9952-9-X

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC KAZAKHSTAN  
COMMITTEE OF SCIENCE**

**INSTITUTE OF PHILOSOPHY AND POLITICAL  
SCIENCE**

**CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY**

---

**Biobibliography of Kazakhstan scientists**

**ABDUMALIK  
NYSANBAEVICH  
NYSANBAYEV**

**ALMATY  
2007**

BBK 91.9:87

A 13

**A 13 Abdumalik Nysanbaevich Nysanbayev.**  
Biobibliography of Kazakhstan scientists / Compiled by  
G.G. Solovyeva, K.U. Alzhan, N.Kh. Zholmukhamedova.  
Editor-in-chief T.S. Sadykov, acad. of NAS of RK. Editors:  
Zh.M. Abdildin, acad. of NAS of RK, K.K. Abugalieva, di-  
rector of CSL. Bibliographic editors: T.V. Vdovukhina,  
O.P. Bravach, A. Koshimova. – Almaty, 2007. – 242 p.

ISBN 9965-9952-9-X

BBK 91.9: 87

A 0301000000  
00 (05) - 07

© Central scientific library  
2007

ISBN 9965-9952-9-X



## ОҚЫРМАНДАРҒА

«Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы» сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбайұлы Нысанбаевқа арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген.

Көрсеткіш материалы хронологиялық тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде – алфавит ретімен: алдымен қазақша, одан кейін орысша және басқа тілдерде жарияланған еңбектері беріліп отыр.

Еңбектердің алфавиттік және бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіштерінде сілтемелер хронологиялық көрсеткіштегі жұмыстардың рет тәртібімен берілген.

## **К ЧИТАТЕЛЯМ**

Предлагаемый указатель – продолжение серии «Биобиблиография ученых Казахстана» посвящен академику Национальной академии наук Республики Казахстан, доктору философских наук, профессору Абдумалику Нысанбаевичу Нысанбаеву.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, его публикации и литературу о нем.

Материал в указателе расположен в хронологическом порядке, в пределах каждого года – по алфавиту: сначала идут работы на казахском языке, затем на русском и других языках.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

## **TO THE READERS**

The suggested index – a continuation of series «Biobibliography of Kazakhstan scientists» – is dedicated to the academician of the National Academy of Sciences of the Republic Kazakhstan, doctor of philosophical sciences, professor Abdumalik Nysanbaevich Nysanbayev.

The biobibliography contains materials characterizing life and professional activities of the scientist, his publications and articles devoted to his activity.

The material is given in chronological order and in alphabetic order within every year, first there are articles published in Kazak language, then in Russian and other languages.

Alphabetic index of publications and index of names of co-authors refers to ordinal numbers of publications listed in chronological order.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ  
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ  
Ә.Н. НЫСАНБАЕВТЫҢ  
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

Нысанбаев Әбдімәлік 1937 жылғы мамырдың 1-інде Қызылорда облысы Сырдария ауданының Қарауылтөбе ауылында дүниеге келді.

**1944-1954 жж.** Орта мектепте оқыды.

**1955-1960 жж.** Н.В. Гоголь атындағы Қызылорда педагогика институты (қазіргі Қорқыт Ата атындағы Мемлекеттік университеті) физика-математика факультетінің студенті, Сталиндік стипендияның иегері болды.

**1960-1961 жж.** Қазақ КСР Ғылым академиясы химия ғылымдары институтының аға лаборанты.

**1961-1962 жж.** Қазақ Ғылым академиясы Философия және құқық институтының алдымен аға лаборанты, одан кейін кіші ғылыми қызметкері.

**1962-1964 жж.** КСРО Ғылым академиясы Философия институтының аспиранты.

**1964 ж., 24 желтоқсан.** «Математикадағы ақиқат табиғатын ашудағы сәйкестік принципін маңызы» деген тақырыпта философия ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін жазылған диссертациясын мерзімінен бұрын қорғады.

– Қазіргі заманғы жаратылыстанудың әдіснамалық мәселелері туралы I конференцияда «Математикадағы сәйкестік принциптері» деген тақырыпта баяндама жасады (Алматы қаласы, Қазақ КСР Ғылым академиясы Философия және құқық институты).

**1965-1966 жж.** Қазақ КСР Ғылым академиясы Философия және құқық институтының кіші ғылыми қызметкері.

**1967 ж.** Алматыда диалектикалық логика бойынша I Бүкілодақтық симпозиум өткізуге дайындық жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің мүшесі.

**1967-1974 жж.** Қазақ КСР Ғылым академиясы Философия және құқық институтының аға ғылыми қызметкері.

**1968-1975 жж.** С.М. Киров атындағы ҚазМУ-де жаратылыстану факультеттері философия кафедрасының доценті (қосымша қызмет түрінде).

**1969 ж.** В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған жас ғалымдардың қоғамтану ғылымдары бойынша Республикалық конференциясында «Ғылыми танымды математикаландырудың әдіснамалық принциптері» атты баяндама жасады. (мамыр).

– Қазақстан ЛКЖО ОК Құрмет грамотасымен және ақшалай сыйлығымен марапатталды.

– «Жаратылыстанудың философиялық мәселелері» мамандығы бойынша аға ғылыми қызметкер ғылыми атағы берілді.

– Жас ғалымдар мен комсомол қызметкерлері делегациясының құрамында Болгарияға сапар (қарашаның 2 - 19-ы).

**1970 ж.** Қазақ КСР Ғылым академиясы Философия мен құқық институтының «Ленин және қоғамдық ғылымдарының әдіснамалық мәселелері» тақырыбы бойынша ғылыми-теориялық конференциясында «Ленин математиканың әлеуметтік танымдағы рөлі туралы» атты баяндама жасады (наурыз).

– Қазақ КСР Ғылым академиясы жас ғалымдарының Екінші ғылыми конференциясында «Ғылымды математикаландыру және теориялық білім синтезінің мәселелері» атты баяндама жасады (сәуір).

– В.И. Лениннің туғанына жүз жыл толуы құрметіне «Ерен еңбегі үшін» мерейтойлық медалімен марапатталды.

– Ф. Энгельстің туғанына 150 жыл толуына арналған Қазақ КСР Ғылым академиясы Философия мен құқық институтының ғылыми-теориялық конференциясында «Математика пәнін энгельстік түсіну және оның қазіргі маңызы» атты баяндама жасады (қараша).

– В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған С.М. Киров атындағы ҚазМУ профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми конференциясында «Жиын теориясындағы парадокстарға философиялық талдау» атты баяндама жасады (мамыр).

– Қазіргі заманғы жаратылыстанудың философиялық мәселелері бойынша Екінші Бүкілодақтық кеңесте «Қазіргі замандағы жаратылыстануда математиканың эвристикалық рөлі» атты хабарлама жасады (желтоқсанның 1 - 4-і).

1971 ж. Қазақ КСР Ғылым академиясы Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғылыми сессиясында «Диалектикалық логика және оның сыншылары» атты хабарлама жасады.

– Алматыда «Таным дамуы және математика» атты бірінші кітабы басылып шықты (Г. Шляхинмен бірге).

1973 ж. «Жерді зерттейтін ғылымдар арасындағы өзара әсердің әдіснамалық мәселелері» тақырыбы бойынша өткен Қазақ КСР Ғылым академиясының институтаралық конференциясында «Математика және жаратылыстану ғылымдарының өзара әсері мәселесі» атты баяндама жасады (сәуір).

– Философиялық әлемде зор серпіліс тудырған «Теория құрудың диалектикалық-логикалық принциптері» атты көлемді монография жарияланды (Ж.М. Әбділдинмен бірге, 22 б.т.).

1974 ж. Мәскеуде КСРО ҒА Техника және жаратылыстану тарихы институтында «Ғылыми танымның тарихы мен әдіснамасының мәселелері» атты ұжымдық жұмыс жарық көрді. (М.: «Наука», 1974, авторлардың бірі).

– «Теория құрудың диалектикалық-логикалық принциптері» монографиясы үшін (Алматы, 1973) қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы бірінші сыйлық берілді.

– И. Канттың туғанына 250 жыл толуына арналған Қазақ КСР ҒА Философия және құқық институтында өткен ғылыми-теориялық конференцияда «Кант математикалық білімнің табиғаты туралы» деген баяндама жасады (сәуір).

1974-1989 жж. Қазақ КСР Философия және құқық институты Ғылыми кеңесінің мүшесі.

1974-1996 жж.. Қазақ КСР ҒА Философия және құқық институты жаратылыстанудың философиялық мәселелері бөлімінің (кейін ғылым мен техника философиясы бөлімі) меңгерушісі.

1975 ж., 17 қаңтар. Қазақ КСР ҒА Философия және құқық институтында «Математикалық білімді синтездеу мен дамытудың диалектикалық-логикалық принциптері» тақырыбы бойынша философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

1976 ж. КСРО Ғылым Академиясы Төралқасы «Қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымының философиялық мәселелері» секциясының кеңейтілген мәжілісіне қатысты. (Мәскеу, қаңтардың 3-і).

**1977 ж.** Алматыда қазіргі заманғы ғылыми таным логикасы мен әдіснамасы бойынша Бүкілодақтық симпозиум дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің ғалым-хатшысы (қаңтар).

**1978 ж.** Қоғамдық ғылымдар бойынша жас ғалымдардың республикалық ғылыми-практикалық конференциясында «Математика қазіргі заман ғылымдары жүйесінде» атты баяндама жасады және Философия мен құқық секциясының жетекшісі болды (Алматы, ақпанның 24 - 25-і).

**1978-1990 жж.** Қазақ КСР Ғылым академиясы Философия мен құқық институтының философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалатын диссертациялар бойынша мамандандырылған кеңестің мүшесі.

**1978-1992 жж.** С.М. Киров атындағы ҚазМУ жанындағы философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалатын диссертациялар бойынша мамандандырылған кеңестің мүшесі.

**1978-1993 жж.** Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті философия және ғылымдар әдіснамасы кафедрасының профессоры (қосымша қызмет ретінде).

**1979 ж.** Мәскеуде КСРО ҒА Техника және жаратылыстану тарихы институтында «Сәйкестік принципі. Тарихи-әдіснамалық талдау» атты ұжымдық еңбек жарық көрді (авторлардың бірі).

**1982 ж.** «Жаратылыстанудың философиялық мәселелері» мамандығы бойынша профессор ғылыми атағы бекітілді.

– «Диалектика және қазіргі заманғы математика» атты монография жарық көрді.



**1983 ж.** Алматыда «Маркс және бүгінгі заман» деген Республикалық ғылыми-теориялық конференцияда «Маркс математикадағы әдіс айналымдылығы туралы» атты баяндама жасады.

**1984 ж.** «Материалистік диалектиканың негізгі принциптері және олардың ғылыми танымда атқаратын қызметін зерттеу» атты монографиялар циклі үшін Қазақ КСР-ның ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

– Алматыда «Ғылыми танымды дамытудың әдіснамалық мәселелері» деген Республикалық ғылыми-теориялық конференцияда «Диалектика – математика дамуының логикасы» атты баяндама жасады.

– Қазақ КСР ҒА Төралқасының мәжілісінде «Қазақ КСР ҒА Философия және құқық институтында осы заманғы жаратылыстану логикасы мен әдіснамасын зерттеудің жай-күйі мен болашағы» атты баяндама жасады.

– Қазақстан туристері тобының жетекшісі ретінде Чехословакияға іссапармен барды.

**1985-1987 жж.** 4 томдық «Диалектическая логика» деп аталатын капиталды ұжымдық еңбек жарық көрді (редколлегия мүшесі және авторлардың бірі).

**1985-1989 жж.** Республикалық «Білім» қоғамының философиялық білімдерді насихаттау жөніндегі Ғылыми-әдістемелік кеңесінің төрағасы.

– КСРО Философиялық қоғамы Қазақ бөлімшесіндегі жаратылыстанудың философиялық проблемалары секциясының төрағасы.

**1986 ж.** Қазақ КСР-ы Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

– Бүкілодақтық «Білім» қоғамының арнайы тобының жетекшісі ретінде қоғамдық-саяси тақырыпта дәрістер оқу үшін Францияға іссапармен барды (сәуірдің 10-19-ы).

– Ғалымдардың шығармашылық ізденісі – жеделдету стратегиясы «дөңгелек столында» сөйледі және мәжілісті басқарды.

– Насихатшылардың Республикалық семинарында «Осы заманғы ғылымның философиясы» деген тақырыпта лекция оқыды (Петропавловск, тамыздың 12-13-і).

**1986-1989 жж.** Алматы қ. Фрунзе аудандық партия комитетіндегі философиялық (әдіснамалық) семинарлар бюросының төрағасы.

**1987 ж.** М.В. Ломоносов атындағы ММУ-де өткен логика және ғылымның әдіснамасына арналған Халықаралық конгресте «Философиялық категориялар және олардың ғылыми танымда атқаратын рөлі» атты «дөңгелек столдың» жетекшісі.

– Мәскеуде өткен ғылымның логикасы және әдіснамасы бойынша Халықаралық конгресте «Ғылыми теорияның қалыптасуында адасудың рөлі» атты баяндама жасады.

– Мәскеуде «Математикалық теориялардың әдіснамалық талдануы» атты мақалалар жинағы жарияланды (авторлардың бірі).

**1987-1990 жж.** Бастамасы мен белсенді қатысуының арқасында Алматыда осы заманғы ғылымның әдіснамалық мәселелері бойынша бірнеше конференциялар ұйымдастырылды және өткізілді.

– КСР ҒА Төралқасы жанындағы философиялық (әдіснамалық) семинарлар Республикалық кеңесі төрағасының орынбасары.

1988 ж. Халық депутаттары Фрунзе аудандық Кеңесінің шешімімен «Алматы қаласы Фрунзе ауданының құрметті азаматы» атағын алды (сәуірдің 26-ы).

1989 ж., маусым. Он жеті үміткердің ішінен Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

1989-1994 жж. «Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы хабарлары. Қоғамтану ғылымдары сериясы» журналының редакциялық алқасының мүшесі.

1990 ж., 17 мамыр. Қазақ КСР Ғылым академиясы Философия және құқық институты директорлығына сайланды.

– Қазақ философиялық қоғамының бірінші вице-президенттігіне сайланды.

– Қазақ КСР ҒА Жалпы жиналысының сессиясында сөйледі.

– Алматыда әлеуметтік шығармашылық пен ғылыми таным логикасы және әдіснамасы бойынша Бүкілодақтық симпозиумды дайындау жөніндегі ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары (мамыр).

– Әлеуметтік шығармашылық пен ғылыми таным логикасы және методологиясы бойынша Бүкілодақтық конференцияда «Диалектика мен ғылыми таным» атты баяндама жасады (қыркүйектің 10-12-сі).

– «Ғылымды логикалық-гносеологиялық талдау» атты көлемді ұжымдық монография жарияланды (жауапты редактордың және авторлардың бірі).

– «Ғылымның категориалдық аппаратының шығу тегі» атты ұжымдық еңбек жарияланды (жауапты редактордың және авторлардың бірі).

– Қазақстандық философтар мен математиктердің біріккен ұжымдық еңбегі «Ғылымның математикалануы:

әлеуметтік-мәдени және әдіснамалық мәселелер» жарияланды (авторлардың бірі).

**1990 ж.** – осы уақытқа дейін. Алдымен Қазақ КСР ҒА Философия және құқық институты, кейінірек Қазақстан Республикасы ҒА Философия институты, ал қазір ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты Ғылыми кеңесінің төрағасы.

– ҚР ҰҒА Философия институты, ал қазіргі кездегі ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты жанындағы философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалатын диссертациялар бойынша мамандандырылған кеңестің мүшесі.

**1990-1994 жж.** ҚР ҰҒА Философия институты жанындағы философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалатын диссертациялар бойынша мамандандырылған кеңестің төрағасы.

**1991 ж., 28 қараша.** Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Философия институтының директорлығына сайланды.

– ҚР ҒА Төралқасында «Әл-Фараби философиялық мұраларын зерттеудің жағдайы мен болашағы туралы» баяндама жасады (қаңтардың 3-і).

– Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы ғалымдарының делегациясы құрамында КХДР-ға іссапарға барды (наурыздың 6-14-і).

– Қазақ диаспорасын зерттеу үшін өзге ғалымдармен қосылып ГФР-ға іссапармен барды (желтоқсанның 30-ы – қаңтардың 7-сі).

**1991-1994 жж.** «Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының хабаршысы» журналының редакциялық алқа мүшесі.

**1992 ж.** ҚР ҒА Жалпы жиналысының сессиясында сөйледі. (қаңтардың 30-ы).

– ҚарМУ-да өткен «Қоғамдық дамудағы жаттану мәселесі» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференцияда «Ғылыми ортадағы жаттану туралы» тақырыпқа баяндама жасады (Қарағанды қаласы, ақпан).

**1993 ж.** Қытайдағы Қоғамдық ғылымдар академиясына ҚР Ғылым академиясы ғалымдары делегациясының басшысы ретінде іссапармен барды (наурыздың 16-30-ы).

– Мәдениет қайраткерлері делегациясы құрамында Түркияға іссапармен барды (сәуірдің 28 – мамырдың 5-і).

– Қазақстан Республикасы ҰҒА Төралқасының кеңейтілген мәжілісінде «Академик Ж.М. Әбділдиннің философиялық мектебі» атты баяндама жасады (ақпанның 16-сы).

**1994 ж., 10 наурыз.** Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Ыбырай Алтынсарин атындағы медалімен марапатталды.

– **8 шілде.** Қазақстан Республикасы Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен «Қазақстан ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер» құрметті атағына ие болды.

– Бішкектегі «Сорос-Қырғызстан» Қоры оқулықтар мен оқу құралдары Кіші жюриінің төрағасы.

– Қазақстан Республикасы ҰҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі Жалпы жиналысының сессиясында сөйледі.

**1994-1996 жж.** Қазақстан Республикасы Президенті Аппараты мен Үкіметінің ғылыми сарапшысы.

**1994-1999 жж.** «Мысль» журналы редакциялық алқасының мүшесі.

**1994-2001 жж.** Қырғыз Республикасы ҰҒА Философия мен құқық институты жанындағы докторлық диссертациялар қорғау жөнінде мамандандырылған кеңестің мүшесі.

– Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің бюро мүшесі болып сайланды.

– Қазақстан Республикасы Баспа және бұқаралық ақпарат құралдары істері жөніндегі ұлттық агенттігі философиялық, социологиялық және саясаттанулық әдебиеттер шығару жөніндегі Сарапшылар комиссиясының төрағасы.

**1994 ж.** - осы кезге дейін. «Еуразиялық қауымдастық: қоғам, саясат, мәдениет» журналының редакциялық кеңесінің мүшесі.

**1995 ж., 21 ақпан.** Ақпараттандырудың Халықаралық академиясының академигі болып сайланды.

– **16 мамыр.** Қырғыз Республикасы Президентінің жарлығымен «Қырғыз Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер» құрметті атағына ие болды.

– **30 маусым.** Қазақстан әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі және президенті болып сайланды.

– **28 қыркүйек.** Ресейдің әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі болып сайланды.

– Қазақстан жетекші қоғамтанушы ғалымдарының Құрылтай жиналысында «Социогуманитарлық ғылымдар дамуының қазақстандық үлгісін іздестіру туралы» деген тақырыпта баяндама жасады (Алматы қаласы).

**1995-1996 жж.** Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы – Ғылым министрлігі жанындағы Жоғарғы

ғылыми-техникалық кеңестің әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар секциясының мүшесі және төрағасы.

1995-1997 жж. «Ноосфера – Жербесік» экологиялық альманахтың бас редакторы.

1995-2001 жж. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік аттестациялық комиссиясының Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар секциясының мүшесі және төрағасы.

1996 ж. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетінде лекциялар оқыды (мамыр).

– Қ.А. Иасауи атындағы қазақ-түрік университетінде лекциялар оқыды (мамыр-маусым).

– «Қазақстанның орнықты дамуы: мәселелері мен болашағы» Республикалық семинарында «Қазақстан: өмір сүруден тұрақты дамуға» атты негізгі баяндама жасады, (Алматы қаласы, наурыздың 12-15-і).

– Түркістанда Қ.А. Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті тарих факультетінің Ғылыми-теориялық конференциясында «Қазақ мәдениетінің артықшылықтары мен даму жолдары» атты баяндама жасады (Түркістан қаласы, 23 мамыр).

– Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының шетелдік мүшесі болып сайланды.

– Қазақстан Республикасы Экология мен биоресурстар министрлігі алқасының кеңейтілген мәжілісінде сөйледі.

– «Зерде» журналы редакциялық алқасының мүшесі.

– Қазақстан Республикасы Парламенті жұмысшы тобының мәжілісінде «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң жобасын талқылай сөйледі.

– Түркістан қаласының 1500 жылдығын мерекелеу Тұғырнамасын жасау жөніндегі Қазақстан Республикасы үкіметінің жұмысшы тобы құрамына енді.

– Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Құрмет грамотасымен марапатталды (маусым).

– «Дарын» компаниясы «Озат кісі» сыйлығын берді, (Монғолия, Улан-Батор қаласы, 24 желтоқсан).

– Қызылорда облысы Сырдария ауданының құрметті азаматы.

– Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетінің және Ы. Жақаев атындағы политехникалық институтының құрметті профессоры.

1997 ж. , 23 сәуірі . Украина саяси ғылымдар академиясының академигі болып сайланды.

– 15 маусым. Түрік Республикасы Ататүрік мәдени орталығының Құрметті мүшесі болып сайланды.

– «XXI ғасыр қарсаңындағы Қазақстан: философиялық-әдіснамалық, мәдени-тарихи, әлеуметтік-саяси және салыстырмалы-болжамдық мәселелер» (1997-1999) іргелі зерттеулер бағдарламасының жетекшісі.

– «Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің еуразиялық интеграциясы: тұжырымдамалық негіздері, мәселелері мен келешектері» ғылыми-зерттеу жобасының жетекшісі. ҚР Президентінің Әкімшілігі мен ҚР Үкіметі үшін ғылыми-талдамалы баяндама (7 б.т.) даярланды.

– Қазақстан Республикасы баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі Ұлттық агенттік үшін даярланған «Қазақстан Республикасының ақпараттық саясаты: жағдайы мен болашағы» жобасының (мемлекеттік тапсырыс) жетекшісі (4 б.т.).



– «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың ғылыми тілі ретіндегі мемлекеттік тілді қалыптастырудың өзекті мәселелері» (1997-1999) атты (мемлекеттік тапсырыс, ҚР Ғылым академиясы және Ғылым министрлігі) институтаралық жобаның жетекшісі.

– «Қазақстан Республикасындағы жекешелендірудің әлеуметтік-саяси және экономикалық салдарлары» халықаралық жобасының (USAID+Брейсвелл және Паттерсон) қатысушысы.

– ҚР Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Ғылым қорының Гранты бойынша «Қазақстан ғылымын дамыту үлгісін даярлау» жобасының жетекшісі (А.Г. Косиченкомен бірге).

– «Қазақстан Республикасында орта білімді дамыту Мемлекеттік Тұжырымдамасының» авторларының бірі (4 б.т.).

– Қазақстанның бастауыш мектептері үшін «Балаларға арналған философия» бағдарламасын (арнайы курс) әзірледі (Г.Г. Соловьевамен бірге).

**1997-2001 жж.** Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Коллегиясының мүшесі.

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комиссиясы президиумының мүшесі.

**1997-2003 жж.** Қазақ энциклопедиясының бас редакторы (келісім-шарт бойынша). Тікелей қатысуымен және жетекшілігімен көп томдық «Қазақстан» атты жаңа Ұлттық энциклопедиясының бастапқы төрт томы даярланды және басылып шықты.

1998 ж., 22 қазан. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен әлеуметтік-саяси, рухани-адамгершілік және дүниетанымдық тұжырымдамаларды даярлауға қосқан қомақты үлесі үшін, сондай-ақ ғылымға қосқан үлкен үлесі мен республикадағы демократиялық процестерді дамытуға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызметке белсене қатысқаны үшін Президенттің Бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығына ие болды.

– Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен «Достық» орденімен марапатталды.

– Қазақстан Республикасы Жаратылыстану ғылымдары академиясы Төралқасының шешімімен Абылайхан атындағы алтын медальмен марапатталды.

– Түркі халықтарын жақындастырудағы үлкен қоғамдық және ғылыми-мәдени бастамасы үшін Анкара университетінің «Түркия-98» халықаралық сыйлығына ие болды.

– ҚР ҒМ-ҒА тапсырысы бойынша «Қазақ диаспорасы: мәселелері мен болашағы» жобасының жетекшісі.

– «XX-XXI ғасырлар аралығындағы Қазақстанның әлеуметтік портреті және мемлекеттік тілдің жағдайын бағалау» жобасының жетекшісі. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне 4 бөлімнен тұратын ғылыми-талдамалы жинақ ұсынылды (қызметтік пайдалану үшін).

– Түркістанның 1500 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шараларды өткізудің ұйымдастырушыларының бірі.

– Қазақстан әлеуметтік ғылымдар академиясы жүргізген екі жобаның жетекшісі: «Қазақстан Республикасы орнықты дамуының тұжырымдамасын даярлау» және «Ислам мен христиандық: Қазақстан халықтарының рухани топтасуының мүмкіндіктері».

– «Адам және ашық қоғам» атты көлемді монография жарияланды.

– «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясының бірінші томы жарияланды (бас редакторы).

1999 ж. -бері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Философия және саясаттану институтының директоры болып тағайындалды.

– «Адам әлемі – Мир человека» журналының редколлегия мүшесі.

– «Персия» журналының (Мәскеудегі Иран ислам республикасының мәдени өкілдігі) редколлегия мүшесі.

– Қызылорда қаласының құрметті азаматы.

– Түркия, Иран, Австралия ұлттық телерадиокомпанияларына бірқатар сұхбат берді.

– «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясының екінші томы жарияланды (бас редакторы).

– «Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару» монографиясы жарияланды.

– Түрік тілінде Kazak türklüğünü Aydınlatanlara Nisanbaevin Bakisi» Hazırlayan Prof. Dr. Sadik Tural..

2000 ж., 28 маусым. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдары академиясы Төралқасының шешімімен Мұстафа Шоқайдың алтын медалімен марапатталды.

2000-2001 жж. Ғылымның дамуына қомақты үлес қосқан ғалымдарға арналған Мемлекеттік стипендияның стипендиаты.

2001 ж., 7 желтоқсан. Түрік Республикасы Мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасымен және Жәлеләддин Руми атындағы алтын медалімен марапатталды.

– Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің құрметті профессоры.

– Ресей ҒА Төралқасының шешімімен «Социологиялық зерттеулер» журналының халықаралық редакциялық кеңесінің мүшесі болып сайланды.

– Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комиссиясының философиялық, әлеуметтанулық, саяси және мәдениеттанулық ғылымдар бойынша ғылыми-үйлестірушілік орталығының төрағасы.

– Халықаралық қоғамдық айтматовтық академияның академигі болып сайланды (Қырғыз Республикасы, Бішкек).

– Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңестің мүшесі.

– Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы монументтер мен скульптуралар жөніндегі Мемлекеттік комиссияның мүшесі.

– Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ғылым, техника және білім саласындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі Комиссияның мүшесі.

– «Ғылым» мемлекеттік бағдарламасының жобасын даярлау жөніндегі Комиссияның мүшесі.

– Академик Ә.Х. Марғұланның 14 томдық Шығармалар жинағы редакциялық коллегиясының мүшесі.

– Академик Ж.М. Әбділдиннің 5 томдық Шығармалар жинағы редакциялық коллегиясының мүшесі (Алматы: Өнер, 2001).

– «Қазақстан Республикасы ғылым және ғылыми-техникалық саясаты тұжырымдамасының» жобасының авторларының бірі.

– «Орталық-азиялық мемлекеттердің аумағында тығыз тұратын этностық топтардың мәдени дамуы» тұжырымдамасының авторларының бірі.

– ҚР БҒМ ұсынылған «ҚызПИ студенті: әлеуметтік-психологиялық портрет» ғылыми-зерттеу есебінің авторларының бірі.

– Жаңа «Хабар-2» телеарнасының ашылуына орай теледидардан сөйледі (22 наурыз).

– «Әлеуметтік ғылым туралы» (30 маусым) және «Заман және заң» (1 қыркүйек) тақырыптарында «Хабар» телеарнасында сөйледі.

– «Қазақстан – 1» телеарнасындағы Үркер бағдарламасында сөйледі (3 қыркүйек).

– «XXI ғасыр табалдырығындағы Қазақстанның жетістіктері мен болашағы» деген тақырыпта қазақ радиосынан сөйледі (30 желтоқсан).

– «Түркі өркениеті туралы» деген тақырыпта сұхбат берді (ВВС, 2 қазан).

– «Әл-Фараби мұрасы және әлемдік мәдениет» Халықаралық конгресінің ұйымдастырушысы және қатысушысы. (Алматы, Философия және саясаттану институты, 28-29 қыркүйек).

– «Қазақстанда саяси мәдениет пен азаматтық қоғамның қалыптасуы» атты жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми конференцияда негізгі баяндаманы жасады (Алматы, Философия және саясаттану институты, 31 мамыр).

– ҚР БҒМ мемлекеттік тапсырысы шеңберінде «Қазақстанды реформалаудың философиялық-гуманистік және әлеуметтік-саяси мәселелерін зерттеу» (2000-2002, 18 жоба) атты іргелі зерттеу жобасының жетекшісі және «Қазақ диаспорасы: мәселелері мен болашағы» және «Қазіргі

Қазақстанның саясаты мен мәдениетіндегі дін» атты екі ғылыми-зерттеу жобаларының орындаушысы және жетекшісі.

– «Әлем мәдениеті жолында» атты Халықаралық конференцияда сөз сөйледі. (ЮНЕСКО бойынша, Алматы, ҚазҰУ, 17 қараша).

– «Түркістан» халықаралық энциклопедиясы жарияланды (бас редакторы).

– Көлемді кітап жарияланды: «Нұрсұлтан Назарбаев. Біз жаңа мемлекет құрудамыз» (Мәскеу).

– Анкарада түрік тілінде капиталды еңбек жарияланды: «Kazakistan'da Dede Korkut» (yay. Haz.: Abdimalik Nisanbaev. Ankara: Ataturk kultur Merkezi Baskanlari).

2001 ж. «Отан» (Отчизна) РСП Саяси Кеңесі бюросының мүшесіне сайланды.

– Қазақстан халықтары Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі.

– Философия мен құндылықтарды зерттеу жөніндегі Халықаралық кеңестің басқарма мүшесі (АҚШ, Вашингтон).

– «Қайнар» университетінің «Қазақ өркениеті» журналының редколлегия мүшесі.

– Мысыр телеарнасының «Қайырлы таң» бағдарламасынан сөйледі (29 қаңтар).

– «Аналитик» газетіне сұхбат (Мысыр, Каир, 26 қаңтар).

– «Жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі президенттік институт» атты Халықаралық ғылыми конференцияның ұйымдастырушысы және қатысушысы (Алматы, 6 сәуір).

– 23 қазан. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Республика күні қарсаңында елдің тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай мемлекеттілікті қалыптастыру мен дамытуға және қоғамдағы ұлтаралық келісімді нығайтуға

қосқан қомақты үлесі үшін «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

– 19 қараша. Қызылорда қаласының драма театрында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған Г. Соловьева мен С. Колчигиннің «Әбдімәлік Нысанбаев. «Тамаша адамдар ғұмыры» сериясы» (Астана, 2001) атты кітабының тұсаукесері өтті.

– «Жаһандану жағдайындағы Қазақстан» жобасының (тәуелсіз сарапшылармен және ҚСЗИ бірігіп) қоса атқарушысы.

– Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған ҚР ҰҒА мерейтойлық сессиясын ұйымдастыруға және жүргізуге қатысты.

– 29 мамырдан 2 маусым аралығында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Хатшысымен бірге Оңтүстік Қазақстан облысында іссапарда болды және мерейтойлық қоғамдық-саяси тақырыпқа қатысты облыстық ақпарат құралдары мен теледидарда сөйледі.

– Саясаттанушылардың I Халықаралық конгресінде (KPSA, ISS, APS, 17 қазан) баяндама жасады.

– «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясының үшінші томы жарияланды (бас редакторы).

– Қазақстан Республикасы: 10 жыл шежіресі (бас редактор).

– «Қазақстан Республикасы» энциклопедиялық сөздік (бас редактор).

– ЮНЕСКО қаржылық қолдауымен басылған «Өзара түсіністік философиясы» атты көлемді монография жарияланды.

– 2 томдық «Қазақстанның саяси жүйесінің эволюциясы» атты көлемді жұмыс жарияланды (М. Машанмен, Ж. Мұрзалинмен, А. Төлегұловпен бірге, 50 б.т.).

2002 ж. «Қайнар» университетінде философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі.

– ЮНЕСКО қатысуындағы Бағдарламалар шеңберіндегі гранттар бойынша мына жобалардың үйлестірушісі: «Қазақстанның саяси жүйесі мен саяси мәдениетінің трансформациясы ауқымындағы Қазақстанда азаматтық қоғамды қалыптастырудың болашағы» және «Қазіргі Қазақстандағы этносаралық және мәдениетаралық өзара әрекеттің үлгісі» (01.08.2001 – 31.07.2002).

– Философия және саясаттану институтындағы «Философиялық және әлеуметтік-саяси өлшемдердегі Қазақстанның болашағы» атты Біріккен теориялық семинардың жетекшісі (8 мәжіліс).

– Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңестің мәжілісінде «Қазақстан Республикасындағы дін және дінаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың Тұжырымдамасының жобасы туралы» атты баяндама жасады (Астана, 27 наурыз).

– «Қазақстан Республикасындағы дін және дінаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың Тұжырымдамасы» туралы теледидардан сөйледі (Алматы, 31 наурыз).

– Түркияның SNNURK халықаралық телеарнасынан сөйледі.

– «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясының төртінші томы жарияланды (бас редакторы).

– Түрік тілінде «Kazak türklerinin felsefesi» атты жаңа кітап жарияланды (Анкара, 2002).



– Тегеранда қазақ тілінде «Қазақ философиясы» атты кітап жарық көрді (ЕСО Cultural institute, Tehran, 2002).

– «Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы» монографиясы жарияланды.

2003 ж. Философия және саясаттану институтындағы «Жаһандану дәуірінде Қазақстанды жүйелі реформалаудың философиялық-саясаттанымдық негіздері» атты іргелі зерттеулер бағдарламасының жетекшісі (2003-2005 жж., 11 жоба), «Жаһандану жағдайындағы Қазақстан: философиялық-саясаттанулық талдау», «XXI ғасырдың басында еуразиялық интеграция жүйесіндегі қазақ диаспорасы» және «Жаһандану жағдайындағы Қазақстанның орнықты дамуы мәселелері және жалпыұлттық идея (әлеуметтік, саяси және этносаралық мәселелер)» деп аталатын 3 ғылыми-зерттеу жобаларының жетекшісі және орындаушысы.

– «Жаһандану жағдайындағы дінаралық өзара әрекет» және «Қазақстан Республикасындағы этносаралық қатынастар» жобаларының орындаушысы.

– қаңтар – тамыз. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі шеңберінде «Қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік-саяси стратификациясы (бұқаралық сана архетиптері)» атты жобаның жетекшісі.

– Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық кеңестің мүшесі.

– Қазақстан халықтары Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі.

– Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Демократияландыруды дамыту бойынша тұрақты кеңестің мүшесі.

– Философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық «әл-Фараби» журналының бас редакторы.

- «Саясат» журналының редколлегия мүшесі.
- Қазақ тілінде 2 томдық «Ұлы даланың ұлы қыздары» атты энциклопедиялық сөздіктің ғылыми кеңесшісі.
- «ANALITIC» талдамалы шолуының редакциялық кеңесінің мүшесі.
- Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының философия және саясаттану кафедрасының меңгерушісі (қосымша қызметте).
- ҚР ҰҒА Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімі бюросының мүшесі.
- ҚР БҒМ Экономика институтының ғылыми кеңесінің мүшесі.
- **16 қазан – 29 қараша.** Ғылыми мамандарды аттестациялау жүйесінің нормативті-құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі ҚР БҒМ Комиссиясының төрағасы.
- **23 қазан.** Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі болып сайланды.
- «Жаһандану жағдайындағы қазақстандық қоғам дамуының философиялық-әдіснамалық, рухани-адамгершілік және әлеуметтік-саяси мәселелері» атты Біріккен теориялық семинардың Төрағасы.
- «Рахат» телеарнасында «Ұлттың ар-ожданы» атты тақырыпта сөйледі.
- «Хабар» телеарнасында «Қазақстанның ұлттық идеясы» және «Әлемдік және ұлттық-дәстүрлі діндердің съезі туралы» деген тақырыптарда сөйледі.
- 2004 ж., 9 наурыз.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталды.

– 13 сәуір. Қытай Халық Республикасы Хуажон ғылым және технология университетінің шақыртылған профессоры құрметті атағы берілді (Ухань қаласы).

– 24 маусым. ҚР Философия және саясаттану институтында ҚР ҰҒА академигі Ә.Н. Нысанбаевтың «Қазақстан: мәдени мұра және әлеуметтік трансформация» кітабының тұсаукесері өтті (Вашингтон, 2004 – 17 б.т., ағылшын тілінде). Тұсаукесерге Философия мен құндылықтарды зерттеу жөніндегі Халықаралық Кеңестің профессоры Дж.Ф. Маклин (Вашингтон), профессорлар Мұхаммед Әли Садат (Иран), Лю Вэньбин (Қытай), Ху Епин (АҚШ-Қытай), Кемал Атаман (Түркия), Тумур Цэрэндорж (Моңғолия) қатысты.

– 7 желтоқсан. Ғылым мен мәдениет саласындағы жоғарғы жетістіктері үшін «Парасат» орденімен марапатталды.

– Ағылшын тілінде «Kazakhstan: Cultural Inheritance and Social Transformation» атты көлемді монография жарияланды (АҚШ, Вашингтон, 2004 ж.).

– 2 томдық «Жаһандану және мәдениетаралық сұхбат мәселелері» деп аталатын жаңа жұмыс жарияланды.

– «Қазіргі Қазақстан мәдениеті мен саясатындағы дін» деп аталатын ұжымдық жұмыс жарық көрді (бас редактор және авторлардың бірі).

– Қазақстан Республикасы ҰҒА Төралқасының мүшесі.

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының баяндамалары» журналының редколлегия мүшесі.

– «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы кітап сериялары Бас редакциясының алқа мүшесі.

– «Қоғам және дәуір» атты ғылыми-сараптамалық журналдың редакция алқасының мүшесі.

– ҚР БҒМ білім мен ғылым саласындағы қадағалау мен аттестациялау Комитеті Төралқасының мүшесі.

– Қазақстанның Ресейдегі жылына (2004) және ҚР «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың басталуына (2004-2006) арналған ҚР Философия және саясаттану институтының Біріккен теориялық семинарының төрағасы (5 мәжіліс).

**2004-2005 жж.** «Қазақстан Республикасы ҰҒА хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналының бас редакторы.

**2004-2006 жж.** «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің философия, педагогика және психология секциясының төрағасы.

**2005 ж., 15 шілде.** Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша «Әлем» мемлекетаралық телекомпаниясында «Философ Нысанбаев» атты деректі ғылыми көпшілік фильм түсірілді (бас режиссер Қ. Омаров, орыс тілінде).

– «Нұрсұлтан Назарбаев: Қазақстан – бейбітшілік пен келісім аумағы» атты монографияны даярлау мен басып шығаруда «KATEV» Халықаралық қоғамдық Қорының (Түркия) грантын жеңіп алды (Алматы, 2005, 17 б.т., Г.В. Малининмен бірге).

– ҚР БҒМ Философия және саясаттану институтындағы ҚР Конституциясының 10 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасының Конституциясы және қазақстандық қоғам дамуының философиялық-саяси мәселелері» атты Біріккен теориялық семинардың жетекшісі (4 мәжіліс).

**2005-2006 жж.** Ғылым мен техниканың дамуына сүбелі үлес қосқан ғалымдарға арналған Мемлекеттік стипендияның стипендиаты.

– Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар секциясының мүшесі.

– «Қазақстан Республикасында азаматтарды патриоттық тәрбиелеудің тұжырымдамасы» жобасын даярлау жөніндегі ҚР БҒМ Комиссиясының мүшесі.

– «Қазақстан – Спектр» журналының редакциялық кеңес мүшесі.

– Қызылорда облысы Қармақшы ауданының құрметті азаматы.

– «31» телеарнасының ток-шоуында теледидардан сөйледі.

– Өзін-өзі тану мәселелері бойынша Республикалық конференцияда «Қазақстанның ұлттық идеясы» деген тақырыпта баяндама жасады (Алматы, «Бөбек» қоры, сәуір).

– Новосибирскіде «XXI ғасырдағы Қазақстан мен Ресей: модернизациялық реформалардың тәжірибесі» атты жаңа еңбек жарияланды (Новосібірлік ғалым О.В. Нечипоренкомен бірге, көлемі 31 б.т.).

– «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Әлемдік философиялық мұра» сериясынан 10 том, «Әлемдік психологиялық ой» сериясынан 10 том және «Көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясынан 10 том баспаға әзірленіп, жарық көрді.

**2006 ж., ақпан.** Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

– Елдің Президентіне үміткерді қолдау жөнінде белсенді және жемісті жұмыс жасағаны үшін Президенттің жазбаша алғысы жарияланды.

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі атынан жазбаша алғыс хат алды.

– 10 сәуір. «Қазақстанның тәуелсіздігіне 15 жыл: жаңа қоғамдық сананың қалыптасуы» атты жаңа монография жарияланды.

– 14 сәуір. «Түркі әлеміне қосқан үлесі үшін» халықаралық сыйлығы берілді (Түркия, Анкара).

– «Философиялық-гуманистік және әлеуметтік-саяси өлшемдегі Қазақстанның жүйелі жаңаруы» іргелі зерттеулер бағдарламасының жетекшісі (18 жоба, 2006-2008 жж.); «XXI ғасырдағы еуразияшылдық: мәселелері мен болашағы», «Жаһандану ауқымындағы философия» (А.Г. Косиченкомен бірге), «Қазақстандық қоғамдағы экстремизмнің алдын алу және толеранттық сана тұғырларын қалыптастыру» (В.Д. Курганскаямен бірге), «Қазіргі Қазақстанның ішкі саясаты саласындағы процестерді іргелі зерттеу» деген тақырыптардағы 4 ғылыми-зерттеу жобаларының жетекшісі және орындаушысы.

– Қазақстан тәуелсіздігінің 15 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасы мемлекеттілігін дамытудағы әлеуметтік-саяси зерттеулердің рөлі» атты ҚР БҒМ Философия және саясаттану институтының Біріккен теориялық семинарының «дөңгелек үстелінің» төрағасы (7 мәжіліс).

– «Ғылыми жұмыстарды жетілдіру туралы» тақырыбында «Қазақстан» телеарнасында сөйледі (22 мамыр).

– Иран теледидарының Бірінші арнасында сөйледі.

– Республикалық «Хабар» телеарнасындағы «Тіл» бағдарламасында сөз сөйледі (қаңтар).

2007 ж. Айқын газетіне сұхбат: Мемлекеттік тіл бүкіл қазақстандықтарды іштей топтастыратын басты факторға айналмақ.

– Заң газетіне сұхбат: «Жаңа үкімет бар күшін ауылды көтеруге жұмсауы тиіс».

– «Глобальдық әлемдегі біздің жолымыз» атты мақала жарияланды.

– «Казахстанская правда» газетінде «Топтасу мен даму стратегиясы» деп аталатын мақаласы жарияланды (проф. Р.Қ. Қадыржановпен бірге).

– «ҚР Президентінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауы аясында қазақстандық қоғамның гуманитарлық өлшемдерін жаңарту» атты дөңгелек үстелде «Жаһандану жағдайындағы гуманитарлық ғылымдар және егемендік» деген тақырыпта баяндама жасады. (Тарих және этнология институты мен Президент архиві ұйымдастырған, 17 сәуір).

– Республикалық «Хабар» телеарнасында Ә.Н. Нысанбаев туралы «Ел ағалары» бағдарламасы үш дүркін көрсетілді.

– Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестаттау комитетінің ғылыми кадрларды аттестаттау жөніндегі нормативті-құқықтық құжаттарды жетілдіру бойынша жұмыс тобының төрағасы.

– Қазақ жазуын латын графикасына көшіру жөніндегі ҚР БҒМ жұмыс тобының төрағасы.

**ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
АКАДЕМИКА НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
А.Н. НЫСАНБАЕВА**

**MAIN DATES OF LIFE AND ACTIVITIES OF  
THE ACADEMICIAN OF THE NATIONAL ACADEMY  
OF SCIENCES OF THE REPUBLIC KAZAKHSTAN  
A.N. NYSANBAYEV**

Абдумалик Нысанбаев родился 1 мая 1937 г. в селе Караултюбе Сырдарьинского района Кызылординской области.

**1944-1954 гг.** Учеба в средней школе.

**1955-1960 гг.** Студент физико-математического факультета Кызылординского педагогического института им. Н.В. Гоголя (ныне Государственный университет им. Коркыт Ата), был Сталинским стипендиатом.

**1960-1961 гг.** Старший лаборант Института химических наук Академии наук Казахской ССР.

**1961-1962 гг.** Старший лаборант, затем младший научный сотрудник Института философии и права Академии наук Казахской ССР.

**1962-1964 гг.** Аспирант Института философии Академии наук СССР.

**1964 г., 24 декабря.** Досрочно защитил диссертацию в Институте философии АН СССР на соискание ученой степени кандидата философских наук на тему «Значение принципа соответствия для раскрытия природы истины в математике».

**1965-1966 гг.** Младший научный сотрудник Института философии и права Академии наук Казахской ССР.



1967 г. Член Оргкомитета по подготовке Первого Всесоюзного симпозиума по диалектической логике в Алма-Ате.

1967-1974 гг. Старший научный сотрудник Института философии и права Академии наук Казахской ССР.

1968-1975 гг. Доцент кафедры философии естественных факультетов КазГУ им. С.М. Кирова (по совместительству).

1969 г. Награжден Почетной грамотой ЦК ЛКСМ Казахстана и денежной премией.

– Утвержден в ученом звании старшего научного сотрудника по специальности «философские вопросы естествознания».

– Поездка в Болгарию в составе делегации молодых ученых и работников Комсомола (2-19 ноября).

1970 г. В ознаменование 100-летия со дня рождения В.И. Ленина награжден юбилейной медалью «За доблестный труд».

1971 г. Выступил с сообщением «Диалектическая логика и ее критики» на научной сессии Отделения общественных наук Академии наук Казахской ССР.

– Опубликована первая книга «Развитие познания и математика» в Алма-Ате (в соавторстве с Г. Шляхиным).

1973 г. Опубликована монография «Диалектико-логические принципы построения теории» (22 п.л.), вызвавшая огромный резонанс в философском мире (в соавторстве с Ж.М. Абдильдиным).

1974 г. Вышла в свет коллективная работа «Проблемы истории и методологии научного познания» в Институте истории естествознания и техники АН СССР (М.: Наука, 1974. В соавторстве).

– Присуждена первая премия имени Ч.Ч. Валиханова в области общественных и гуманитарных наук за

монографию «Диалектико-логические принципы построения теории» (Алма-Ата, 1973).

**1974-1989** гг. Член Ученого совета Института философии и права Академии наук Казахской ССР.

**1974-1996** гг. Заведующий Отделом философских вопросов естествознания (позже Отдел философии науки и техники) Института философии и права АН Казахской ССР, затем заведующий Отделом философии науки и техники Института философии НАН РК.

**1975** г., **17 января**. Защитил диссертацию в Институте философии и права Академии наук Казахской ССР на соискание ученой степени доктора философских наук на тему «Диалектико-логические принципы синтеза и развития математического знания».

**1976** г. Участник расширенного заседания секции «Философские проблемы современного естествознания» президиума Академии наук СССР (Москва, 3 января).

**1977** г. Ученый секретарь Оргкомитета по подготовке и проведению Всесоюзного симпозиума по логике и методологии современного научного познания (Алма-Ата, январь).

**1978-1990** гг. Член Специализированного совета по защите докторских диссертаций при Институте философии и права Академии наук Казахской ССР.

**1978-1992** гг. Член Специализированного совета по защите кандидатских диссертаций при Казахском государственном университете им. С.М. Кирова.

**1978-1993** гг. Профессор кафедры философии и методологии наук Алматинского государственного университета им. Абая (по совместительству).

**1979** г. Вышел в свет коллективный труд «Принцип соответствия. Историко-методологический анализ» (Москва, Институт истории, естествознания и техники АН СССР, соавтор).

**1982 г.** Утвержден в ученом звании профессора по специальности «философские вопросы естествознания».

– Опубликована монография «Диалектика и современная математика».

**1984 г.** За цикл монографических работ «Исследование основных принципов материалистической диалектики и их роли в научном познании» удостоен Государственной премии Казахской ССР в области науки и техники.

– Выступил с докладом «Состояние и перспективы разработки проблем логики и методологии современного естествознания в Институте философии и права АН КазССР» на заседании Президиума АН КазССР.

– Командирован в Чехословакию в качестве руководителя туристической группы Казахстана.

**1985-1987 гг.** Издан капитальный коллективный труд «Диалектическая логика» в 4-х томах (член редколлегии и соавтор).

**1985-1989 гг.** Председатель Научно-методического совета по пропаганде философских знаний Республиканского общества «Знание».

– Председатель секции философских проблем естествознания Казахского отделения Философского общества СССР.

**1986 г.** Награжден Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

– Командирован во Францию в качестве заместителя руководителя спецтургруппы Всесоюзного общества «Знание» для чтения лекций по общественно-политической тематике (10-19 апреля).

– Выступил и вел заседание «круглого стола» «Творческий-поиск ученых – стратегии ускорения».

– Выступил с лекцией «Философия современной науки» на Республиканском семинаре пропагандистов (Петропавловск, 12-13 августа).

**1986-1989** гг. Председатель бюро философских (методологических) семинаров при Фрунзенском районном комитете партии г. Алма-Аты.

